

## Қазақстанда қазынашылық жүйені енгізу жөнінде кеңес құру туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 20 ақпандағы N 176

"Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылығын құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 27 қаңтардағы N 1526 U941526\_ Жарлығына және Халықаралық Валюта Қорының ұсыныстарына сәйкес республикада қазынашылық жүйені енгізу бағдарламасын жүзеге асыру жөніндегі іс-қимылды үйлестіру

және қазынашылық жүйені жобалау мен құру жөніндегі жұмыс тобына басшылық жасау мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстанда Қазынашылық жүйені енгізу жөніндегі Кеңес мына құрамда құрылсын:

Ауанов М.Қ. - Қазынашылық бас басқармасының бастығы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің бірінші орынбасары (Кеңес төрағасы)

Малышева В.И. - Қазақстан Республикасы қаржы министрлігі Қазынашылық бас басқармасы бастығының орынбасары (Кеңес хатшысы)

Кеңес мүшелері:

Арыстанова С.Н. - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Экономика бас басқармасының бастығы

Бекімов Б.Қ. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Бас есептеу орталығының директоры

Губина Н.Я. - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қаржы-экономикалық басқармасы қаржы-жоспарлау бөлімінің бастығы

Ердіқалықов С.Е. - Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі Кадрлар және қаржы

- жүйесі органдарын қаржымен  
қамтамасыз ету басқармасының бастығы
- Иванов В.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі Бас салық инспекциясы  
бастығының орынбасары
- Қайдауылов С.М. - Қазақстан Республикасы Білім  
министрлігі Экономика және қаржы  
бас басқармасының бастығы
- Кесікбаев С.Қ. - Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі Бас бюджет басқармасы  
бастығының орынбасары
- Құттымұратов Т.Қ. - Қазақстан Республикасы Қаржы  
министрлігі Қазынашылық бас  
басқармасы бастығының орынбасары
- Орынбеков Қ.З. - Қазақстан Республикасы Ұлттық  
Банкінің Бухгалтерлік есеп  
департаменті директорының орынбасары  
(келісім бойынша)

2. Қазақстанда Қазынашылық жүйені енгізу жөніндегі Кеңеске Қазынашылық бас басқармасы мен қазынашылық жүйені құру және қазынашылық жүйені жобалау мен құруға бақылау жасау жөніндегі жұмыс тобына жалпы директивалық басшылық жасау жүктелсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі